

2015 жылға арналған Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 326/46-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 қазанда № 5001 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 2015 жылға арналған Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға келесі әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшері:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып айқындалсын.

2. «2015 жылға арналған Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы» 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 265/39-5 Целиноград аудандық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4606 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қаңтарда «Вести Ақмола», «Ақмол ақпараты» аудандық газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген

күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград аудандық
мәслихаты сессиясының
төрайымы А.Бутакова

Целиноград аудандық
мәслихатының хатшысы Р.Түлкібаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Целиноград ауданының әкімі М.Тәткеев
18.09.2015

«Целиноград ауданының экономика
және қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы Ә.Ыбраева
18.09.2015